ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАСТВЕННОГО АУДИТА

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

030010, город Актобе, проспект Абилкайыр-хана, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

2018 жылғы «24» мамыр
№ 09-08- 507 /1709

**«Сарат-А» ЖШС-не**

19-rinat-85@mail.ru

2018 жылғы 20 мамырдағы «Сарат-А» ЖШС-нің №14376 веб порталдағы шағым хатына Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті №2484690-1 «Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Қарахобда ауылдық клуб ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.тех.сипаттамамен міндетті танысыныздар» ашық конкурсы бойынша:

Шағым хатта конкурстық комиссияның №2219045 қорытындылар туралы хаттамасындағы шартты жеңілдік бойынша есептелген ұпайға келіспейтіндігі баяндалған. Конкурстық комиссия «Сарат-А» ЖШС-не 1 жыл жұмыс тәжірибесін және жұмыс тәжірибесі үшін 1,2% шартты жеңілдік есептеген.

Конкурстық комиссияның бұл шешімі ҚР Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсанындағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 155-тармағының «*Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

*Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді*» талабына сәйкес заңды болып табылады.

Себебі, әлеуетті өнім беруші біліктілігі туралы мәліметте **2017 жылы** «Работы по текущему ремонту зданий культурного центра» және «Текущий ремонт 1 этажа отделения сестринского ухода и ЦАХ» бойынша 2 жұмыс жасағандығын көрсеткен.

Демек, жұмыс тәжірибесі 2017 жыл, яғни 1 жыл. Шартты жеңілдік 1+0,2=1,2%.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

**Департамент басшысының орынбасары** **Қ.М.Рахметов**

*Д.Алматов*
*Тел:54-41-76*